КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАУЛЫ

2026 жылғы 14 қаңтар 2399-25-00-2а/1220 Атырау қаласы

Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында: төрағалық етуші судья Б.Б.Жумабаев, алқа судьялары Б.Б.Нуржанова, А.С.Серикова болып,

талап қоюшының өкілі Г.Алматованың, жауапкердің өкілі М.К.Мукашеваның, үшінші тұлға А.К.Божановтың, аудармашы М.Ж.Бактыгереевaның қатысуымен,

ашық сот отырысында талап қоюшы «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» ММ) жауапкер «Qassaq Sapa Qurlys» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі - «Qassaq Sapa Qurlys» ЖШС) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы бойынша азаматтық істі,

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 8 қазандағы шешіміне жауапкер «Qassaq Sapa Qurlys» ЖШС –мен берілген апелляциялық шағым бойынша қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» ММ – і сотқа талап қоюын жолдап, онда әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан анықтау мақсатында А.К.Божановқа жалдау шартының шынайылығын растау үшін сұраныстар жолданғанын, аталған тұлғадан «Qassaq Sapa Qurlys» ЖШС-мен маркасы ГАЗ33098 мемлекеттік белгісі 662AFK06 автокөтергіш арнайы техникасын жалға беру туралы келісім шарт жасақталмағаны жөнінде жауап хат түскенін, сондықтан жауапкермен конкурс құжатына анық емес ақпарат берілгенін көрсетіп, жауапкер «Qassaq Sapa Qurlys» ЖШС-н мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (бұдан әрі – сот) 2025 жылғы 8 қазандағы шешімімен талап қою қанағаттандырылып, жауапкер «Qassaq Sapa Qurlys» ЖШС-гі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылған.

Жауапкер апелляциялық шағымында сот шешімімен келіспей, оны негізсіз деп санайтынын, соттың жауапкер конкурсқа қатысу барысында материалдық ресурстарына қатысты анық емес ақпарат ұсынған деген тұжырымға келгенін, алайда сотқа А.К.Божановпен арада жасалған жалға алу шарты ұсынылғанын, А.К.Божанов талап қоюшыға қате ақпарат бергенін көрсетіп, соттың шешімінің күшін жоюды, талап қоюды қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім қабылдауды сұраған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 19.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Нуржанова Б. Б., 19.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Серикова А. С., 19.01.2026

Жауапкер өкілінің апелляциялық шағымды қолдаған түсінігін, талап қоюшы өкілінің апелляциялық шағымға қарсы пікірін тыңдап, іс құжаттарын зерттеп, сот алқасы сот шешімінің күшін жоюға немесе оны өзгертуге негіз жоқ деген тұжырымға келді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 427-бабының 1-бөлігінің 1), 2), 3), 4), 5) тармақтарына сәйкес, апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға не оны өзгертуге іс үшін маңызы бар мән-жайлар ауқымының дұрыс айқындалмауы және анықталмауы; бірінші сатыдағы сот анықтаған, іс үшін маңызы бар мән-жайлардың дәлелденбеуі; бірінші сатыдағы сот шешімінде баяндалған қорытындылардың істің мән-жайларына сәйкес келмеуі; материалдық немесе процестік құқық нормаларының бұзылуы немесе дұрыс қолданылмауы, жүргізілу міндеттілігі осы Кодексте көзделген кезде істе жеке процестік әрекет хаттамасының болмауы негіз болып табылады.

Іс бойынша мұндай кемшіліктер орын алмаған.

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 3-бабының 1) тармақшасына сәйкес, анық емес ақпарат – біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Заңның 14-бабының 1-тармағына сәйкес, анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Заңның 8-бабы 4-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 11-бабының 1-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы, сондай-ақ жұмыскерлер алдында жалақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 9-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші:

1) біліктілік талаптары бойынша;

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 19.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Нуржанова Б. Б., 19.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Серикова А. С., 19.01.2026

2) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат ұсынған кезде Заңның 11-бабы 1-тармағының негізінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуы мүмкін.

Мұндай жағдайларда біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттарға қатысты кез келген анық емес мәліметтер өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін негіз болып табылады.

Сотпен анықталғаны, Атырау облысы «Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» ММ-мен 2025 жылғы 20 мамырда «Атырау облысы Білім беру басқармасының Индер ауданы білім бөлімінің «Бөдене орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі үшін «Электрлік, электр таратушы/реттеуші жабдықтарды және ұқсас аппаратураны жөндеу/қайта құру бойынша» жұмысы бойынша мемлекеттік сатып алуға №14778838-1 ашық конкурс өткізу туралы хабарлама жариялаған. Сатып алу сомасы 20 474 742,86 теңге.

Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарына қатысты №7 қосымшаның материалдық ресурстары бөлігінде «Атырау облысында тіркелген автогидравликалық көтергіші» арнайы техникасы болуы қажет екендігі көрсетілген.

Әлеуетті өнім беруші «Qassaq Sapa Qurlys» ЖШС-і Аслан Курмангалиевич Божановпен арадағы 2025 жылғы 4 наурыздағы №16 арнайы техниканы жалдау шарты негізінде А.К.Божановтың атына берілген маркасы ГАЗ33098 мемлекеттік белгісі 662AFK06 автокөтергіш арнайы техникасын жалға алғаны туралы шартты материалдық ресурсының бар екенінің дәлелі ретінде ұсынған.

Демек, шарт біліктілік талаптарына және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжат болып табылады.

Атап айтқанда, А.К.Божанов пен «Qassaq Sapa Qurlys» ЖШС-нің арасында 2025 жылғы 4 наурызда техниканы жалға беру туралы №16 шарты жасалған.

Шарттың 2.1 тармағының талаптарына қарағанда А.К.Божанов (жалға беруші) «Qassaq Sapa Qurlys» ЖШС-не (жалға алушы) арнайы техниканы шарттың №1 қосымшасына сай иеленуі және пайдалануы үшін жалға береді, ал жалға алушы жалдау ақысын жалға берушіге уақытылы төлеуге және жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін техниканы жалға берушіге қайтаруға міндеттенеді.

Шарттың №1 қосымшасына сай, жалға берілетін техника: маркасы ГАЗ33098 мемлекеттік белгісі 662AFK06 автокөтергіш арнайы техникасы деп көрсетілген.

Алайда, сотта аталмыш арнайы техника жауапкердің иеленуіне және пайдалануына үшінші тұлғамен берілмегені анықталған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 19.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Нуржанова Б. Б., 19.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Серикова А. С., 19.01.2026

А.К.Божановтың сотқа берген түсініктемесінен техниканы қолдана отырып, жауапкерге қысқа мерзімді ақылы қызмет көрсететіні, арнайы техниканы өзінің пайдалануы мен иелігінде ұстайтыны анықталған.

Аталған мән-жайлар апелляциялық сот алқасындада өз дәлелін тапқан.

Сонымен қатар, аталмыш техника 2025 жылдың мамыр айында сатылып кеткені анықталған.

Заң талабына сай, ұсынылған мәліметтердің шынайы болуының жауаптылығы әлеуетті өнім берушіге жүктелген. Жауапкердің мемлекеттік сатып алу конкурсына анық емес ақпарат беруі оған Заңның 8-бабы 4-тармағының 1)-тармақшасында көзделген салдарға әкеп соғады.

Бірінші сатыдағы сот, анықталған мән-жайларға байланысты және қолданыстағы заң талаптарына сәйкес, жауапкердің конкурсқа қатысу барысында материалдық ресурстарына қатысты анық емес ақпарат ұсынған деген тұжырымға келген, өйткені жауапкер конкурс құжаттамасына шартты ұсынған кезде арнайы техника оның иелігі мен пайдалануында болмаған және шарттың заңдық күші болмаған, шарт формальді түрде жасалған.

Сот алқасы соттың бұл тұжырымын дұрыс деп табады, сот шешімінің заңдылығы мен негізділігіне әсер ететін нақты қандай-ма болмасын қосымша дәлелдемелер жауапкермен сотқа ұсынылмаған.

Іс бойынша сот шешімінің күшін жоюға немесе өзгертуге АПК-нің 427- бабында көзделген жайлар анықталмағандықтан, сот шешімі өзгеріссіз, жауапкердің апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдыруға жатады.

АПК-нің 424-бабының 1-бөлігінің 1) тармақшасын, 425-бабының 1) тармақшасын, 426, 431,434-ші баптарын басшылыққа алып, алқа

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 8 қазандағы шешімі өзгеріссіз, жауапкер «Qassaq Sapa Qurlys» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Тараптар және іске қатысушы басқа да тұлғалар (сот актілерінде мүдделері қозғалатын басқа да тұлғалар) және олардың өкілдері Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 435, 436- баптарының талаптарын сақтай отырып, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап алты ай мерзімде кассациялық тәртіппен қайта қарау жөнінде азаматтық істер жөніндегі кассациялық сотқа кассациялық шағым, прокурор наразылық беруге құқылы.

Төрағалық етуші Б.Б.Жумабаев

2399-25-3-2/1220

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 19.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Нуржанова Б. Б., 19.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Серикова А. С., 19.01.2026

Судьялар Б.Б.Нуржанова

А.С.Серикова

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 19.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Нуржанова Б. Б., 19.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Серикова А. С., 19.01.2026

ЖАДЫНАМА

Құрметті сот ісіне қатысушы!

Егер Сіз апелляциялық сатыдағы қаулымен келіспесеңіз, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде оны кассациялық сотқа шағымдануға құқығыңыз бар (Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (АПК) 435, 436-бабы).

Қазақстан Республикасының кассациялық сотына өтінішхат берер алдында мыналарды міндетті түрде тексеріп алыңыз:

I. Сіздің ісіңіз кассациялық тәртіпте қаралуға жата ма?
ҚР АПК-нің 434-бабының 2-бөлігімен танысыңыз, онда кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайтын сот актілерінің тізбесі көрсетілген.

II. Өтінішхат пен құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы
- Өтінішхат ҚР АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- Егер сіз өкіл арқылы жүгінсеңіз, оның өкілеттігі ҚР АПК 61-бабына сәйкес ресімделгеніне көз жеткізіңіз.
- Өтінішхатқа мыналар қоса берілуі тиіс:
  - сенімхат
  - адвокат куәлігі және қорғау туралы жазбаша хабарлама (адвокат үшін)
  - заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат (заңгерлер үшін).

III. Мемлекеттік бажды төлеу
Мемлекеттік бажды төлемес бұрын:
- ҚР Салық кодексінің 610-бабымен;
- АПК-нің 104-бабымен;
- Жоғарғы Соттың 07.07.2016 жылғы №6 «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағымен.
- ҚР СК 616-бабымен (мемлекеттік баж төлеуден босату негіздері) мұқият танысыңыз.

IV. Қазақстан Республикасының кассациялық сотына мемлекеттік бажды төлеу үшін деректемелер:

Бенефициары: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

БСН: 981140001115

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6203

БСК 108126 - Жергілікті бюджетке түсетін мемлекеттік баж

ТТК 911